

Мұқышев Әбдірахман

1923 жылы Қостанай облысы Аманкелді ауданы Еңбекші ауылдық кеңесінде туған. 1941 жылы Торғай АӘК –нан әскерге шақырылып, 60- атқыштар полкі, 109-атқыштар дивизиясы құрамында қатардағы жауынгер болған. Жаумен шайқасты Ленинград майданынан бастап, соғысты Берлин қаласына жақындағанда аяқтаған. Соғыста көрсеткен ерлігі үшін «Қызыл Жұлдыз», «Отан соғысы» ордендерімен, «Ерлігі үшін», «Венаны алғаны үшін», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» және бірнеше мерекелік медальдармен марапатталған. Соғыстан кейін көп жыл бойы ұстаз болып, бала оқытқан. аманкелді ауданындағы Жасбуын орта мектебінен зейнеткерлікке шыққан.

